

№ 1 басылым, 2014 жыл

БОЛАШАК



Осы санда:

*Республикалық «Күншуақ»
фестиваліндегі жеңісіміз.*



**Бүгінгі санда
оқитындарыңыз:**

Директордың құттықтау сөзі

Білім күні құтты болсын

Халықтың қуаты-тілінде

Мерекеңмен, ұстазым

1қазан-қарттар күні

Спорт

Өнердің жүзіп өріне

Фотошуақ

«Балғын бояу» шеберлері

Даналық әлемінде

Пайдалы кеңестер

Ең, ең, ең ...

*«Адам ата анадан
туғанда есті болмайды:
естіп, көріп, ұстап,
татып ескерсе, дүниедегі
жақсы – жаманды
таниды – дағы, сондайдан
білгені, көргені көп болған
адам білімді болады»
дейді.*

Абай





Әр адамның өмір белесіндегі негізгі кезеңдердің бірі — мектепте өткізген күндері.

Жаңа заман — оқыған, білімді азаматтарды талап етеді. Бүгінгі таңда білім көп жағдайда сұранысқа ие. Ал бұл сұраныс ғылым мен техниканың қарқынды дамуына байланысты. Сондықтан әр оқушының бойында бүгінгі заман талабына сай негізгі білім негізін қалаған дұрыс.

Ғаламтордың дамуы балалар-жасөспірімдер бұқаралық ақпарат құралдарының қатарының азыяуына алып келеді. Көптеген басылым балалар мен жасөспірімдер арасында кең қолданысқа ие болмай отыр. Бұның басты себебі – жастар оқитын, оларды қызықтыратын тақырыптардың жоқтығы. Өскелең ұрпақты оқуға шақыруда, сөйлеу мәдениетін және сөздік қорын толықтыруда «Болашақ» журналын тоқсан сайын шығаруды қолға алып отырмыз.

Жарық көріп отырған «Болашақ» журналының болашағы баянды болсын демекпін.

Еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін.



Білім күні құтты болсын!



«Кел, балалар, оқылық!» деп сахара
төрінде шәкірттерін оқуға шақырған
дала педагогы Ыбырай Алтынсарин,
«Өнер-білім бар жұрттар, Тастан сарай
салғызды» деп жастарды білім, өнер
ғана алға жетелейтінін зердемізге
салған Абай атамыз, «Мен жастарға
сенемін» деген өміршең өлеңімен
дараланған Мағжан жұмабаев, қазақ
әліп-биінің негізін салған Ахмет
Байтұрсынов ағаларымыздың жолын
жалғаушылар ол келешек ұрпақ.



Халықтың қуаты- тілінде



Жанып лаулап тұрған
жүректің мәңгілік алауы
бойымнан салқын леп
өткізген сияқты. Түннің қақ
бөлінген ортасы ма, әлде енді
келген кеш пе, өзім білмеймін.
Әйтеуір, дала түн жамылып
тұр...

Денемнің қажеттіліктерін тым
сезбеймін. Не уйқы балап
жатқанда жоқ, қарным да аш
та, тоқ та емес. Ішкі жан
дүнием жаңағы сезімдерді
кешіп жатқан сияқты... . Аяқ
астынан өмірім ақ парактан
басталған тәрізді. Әлде,
балалықтың шалалық
намысы ма?

Бірақ, осындай үлкен,
көкірекке симай жатқан
сезімді қалай балалық деуге
болады?

Бүгін, мектепте кішігірім кеш өтіп,
анамның ақ сүтімен ,туған жерімнің
топырағынан бойыма туғаннан сіңген
«қазақ» деген атпен, туған тілім «ана
тілім» жайлы өзімше бір жүрекжарды
толқынысымды ортаға салдым.
Білмеймін тыңдаушыға қалай
болғанын. Өзім әйтеуір, жүгенсіз
мінген тайдай тулап, жұлқынып
барып тоқтаппын. Бұнымды сол сәтте
сезбегеніммен, миымның
парақшаларына жазылып қалыпты.
Менің өмірдегі бақытым – жүрек
қалауымен өз тілімде еркін сөйлеп, өз
тілімді мәртебе тұтып, одан нәр алу.

Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім.
Бұл – менің жадымда сақтаған
ұраным. Ана тілі – анамыздың ақ
сүтімен бойымызға дарыған,
жүректің терең сырларын, халықтың
басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-
ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын
қазына. Тілді қастерлеу – міндет.
Бұл – менің міндетім. Абай
атамыздың әндерін әуелетіп айтып,
көрнекті жазушылардың
шығармаларынан үзінділерді
сахналағанды жаныма жақын
көремін.

*М.П.Русаков атындағы №2 санаторлық
мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы
Мәжит Бауыржан.*

Мерекенмен, ұстазым!!!



Мен жаны жайсаң,
жарқын жүзді
ұстазымды мақтан
етемін. Ұстаздар
күнімен құттықтап,
еңбегіңіз жемісті,
шәкірттеріңіз білімді
болсын дегім келеді.

Қайратқызы Айша
2 «А» сыныбы.



Біздің сынып!
Мен 2^а сыныбында оқимын.
Біздің сынып ұйымшыл,
балалар бір - бірімен өте тату,
мейірімді, бір - біріне көмектесіп
тұрады. Сабақты да жақсы
оқимыз. Бізге осы жақсы
қасиеттерді сыныбымыздың
тәрбиешісі Бақытжамал
Несипбайқызы үйретіп келеді.
Үнемі әдепті, үлкенді сыйлап,
кішіге қамқор болуға тәрбиелеп,
ақыл - кеңестерін айтып
отырады.
Үйреттіңіз әр кезде,
Тәртіпті, таза жүруді.
Үлкенді сыйлап, кішіге
Көмектесіп тұруды.



Какеше Ақерке
2^а сыныбы.



«Ұстаздық еткен жалықпас,
үйретуден балаға» деп Абай
атамыз айтқандай, ұстаздың
оқушыға деге еңбегі өте зор. Ол
оқушыға ата-анасынан кейінгі
көмекшісі, тәрбиешісі,
үйретушісі. Менің ұстазым
Шолпан Медетбекқызы маған
көп жақсылық үйретеді, әрқашан
көмектеседі. Сол кісінің еңбегінің
арқасында мен мектептік және
қалалық өнер байқауларына
қатысып, жүлделі орын алдым.
Сол үшін мен ол кісіге көп
рахмет айтамын. Мен ол кісінің
еңбегін ешқашан
ұмытпаймын. Сондай ұстаздар
көп болсын деп тілеймін.
Мерекеңіз құтты болсын!!!



*Рамазанов Фархат
3ә сынып оқушысы.*



«Болашақ» редакциясынан

Ұстаз болу – жүректің
батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің
ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн
шуағы,
Азбайтұғын адамның
алтындығы



Ұстазға қарап шәкірт өседі

Ұстаз-ұрпақ мақтанышы

Ұстазы жақсының ұстамы
жақсы

Ардагерлерді ардақтайық!



Қарттар күніне орай...

Біздің мектепке бекітілген қарттар саны - 10. 1-ші қазан қарттар күніне орай біздің мектеп-интернатының балалары тәрбиешілерімен бірге өздеріне бөлінген қарт ата-апаларымыздың үйіне барып, мерекелірімен құттықтады. 7ә сынып оқушылары тәрбиешілері Данибекова Ж.Е мен бірге Тищенко Петр Дмитриевичтің үйіне барды. 7а сынып оқушылары тәрбиешілері Қойтжанова Ғ.М мен бірге Ткачева Мария Ивановнаның үйіне барды. 8а сынып оқушылары тәрбиешілері Құрманбекова Л.Қ мен бірге Тулендинова Кампит апаның үйіне барды. 8ә сынып оқушылары тәрбиешілері Смаханова Д мен бірге Тусупхан Қасымхан Тусупханұлының үйіне барды.

6ә сынып оқушылары тәрбиешілері Анықбаева Р.Ғ мен бірге Федоровская Клавдия Васильевнаның үйіне барды. 5ә сынып оқушылары тәрбиешілері Жумабекова А мен бірге Фролова Екатерина Ивановнаның үйіне барды. 5а сынып оқушылары тәрбиешілері Ақшабаева А.С мен бірге Чепрасова Елена Антоновнаның үйіне барды. 6а сынып оқушылары тәрбиешілері Махмудова Д мен бірге Швец Иван Петровичтің үйіне барды. 4а сынып оқушылары тәрбиешілері Мухамеджанова Ф мен бірге Юртаева Пелагея Дмитриевнаның үйіне барды. 4ә сынып оқушылары тәрбиешілері Тлеубаева Л мен бірге Язиков Алексей Трофимовичтің үйіне барды. Оқушылар өздерінің сыйлықтарын беріп, көмектерін көрсетіп, әңгімелесіп пікір алмасты. Бұл кісілерде оқушыларымызға баталарын беріп, рахметтерін айтты.





СПОРТ

*Ауырып ем іздегенше
ауырмайтын жол ізде.*





Республикалық кеңауқымды «Денсаулық фестивалі - 2014» акциясы аясында өткізілген мәдени-спорттық шараға М.П.Русаков атындағы №2 мектеп-интернаты да түгел қатысып, өз үлесін қосты. Акцияның басты мақсаты: салауаттық өмір дағдыларын қалыптастыру, оқушыларға жаман әдеттерден аулақ болуға баулу, салауатты өмір салтын сақтау мақсатында дене шынықтыру жаттығуларын жасату, дене мүсіндерін дұрыс қалыптасу мақсатында түрлі эстафеталық және спорттық жарыстар ұйымдастыру.

Фестиваль мұғалімдердің жүгіруімен басталды. Кросска 30-дай мұғалім қатысты. Одан әрі бастауыш, орта буын, жоғарғы сынып оқушылары жүгірді. Одан соң 1 – 4 сынып арасында «Көңілді старт», шахматтан құрама команда шахматтан жарыс, футбол 5-7, 8-9 сыныптар арасында, баскетбол, мини волейбол 5-7, 8-11 сыныптар арасында өтті.

Жарыстар біткен соң қорытынды жасалып мектеп директоры Рахимберлина З.Н. фестивальге қатысқандарға рахмет айтып, жеңімпаздарды құттықтап мадақтама қағаздарын берді. Фестиваль флешмоб жасаумен аяқталды.

«Халықтың салауатты өмір салты мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі білімі мен хабардарлығын арттыра беру міндет. Халық арасында спорттың бұқаралық сипат алуына және спортты насихаттауға ерекше ден қою керек...» - деп, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан жолдауында айтқандай, өскелең ұрпақ – біздің ертеңіміз болғандықтан олардың спорттық білімдерін арттырып қана қоймай, осындай акцияларды көптеп ұйымдастыру жастардың салауатты өмір салтын дұрыс ұстануға өз септігін тигізері сөзсіз!

М.П. Русаков атындагы №2 мектеп-интернат



Мерейлі
ОТБАСЫ



Өнердің жүзіп өріне



2014 жылдың қараша айының 4– 8 күндері аралығында Алматы қаласында Республикалық «Күншуақ» фестиваль–байқауы өтті. Осы байқауға мектебімізден көркемдік жетекшісі Нұрбекова Ғалия Сарсенбекқызының жетекшілігімен «Наз» дуэті қатысты.

9 сынып оқушылары Мұхаметжанова Аида және Нұрмұханбетова Гүлсанат «Вокал» номинациясы бойынша II –ші орынды иеленіп диплом және кубокпен марапатталды.



«БАЛҒЫН БОЯУ» ШЕБЕРЛЕРІ






Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Фараби (870-950жж)

орта ғасырдағы ұлы ойшылдардың бірі. Ол Отырар қаласының маңындағы Уасиди қамалында, Қыпшақ отбасында дүниеге келген.

Отырар ол уақыттарда ежелгі Қазақстандағы ең ірі мәдени орталықтардың бірі болатын. Ал әл-Фарабидің уақытында Отырар кітап қоры жөнінен ежелгі әйгілі Александрия кітапханасынан кейінгі екінші қала болатын. Әл-Фараби алғашқы білімді Отырарда өзінің туған қыпшақ тілінде алады. Бұл тіл ол кезде түркі тілдерінің бір диалектісі болатын. Әл-Фарабидің өмірі араб мәдениетінің гүлденген дәуіріне тұспа-тұс келген еді.



Бағдад оқымыстыларының арасында Орта Азия мен Қазақстан ойшылдары үлкен құрметке ие еді. Бағдадқа әл-Фараби жас кезінде аяқ басады. Бұл кезде ол музыкадан бастап астрономияға дейінгі барлық ғылым салаларын терең меңгерген жан-жақты энциклопедиялық білім иесі еді. Бәрінен бұрын ол араб, парсы, грек және тағы басқа көптеген тілдерді білетін. Одан басқа латын, санскрит тілдеріндегі әдебиеттерді де еркін оқи беретін, аудармамен көп шұғылданатын. Көп тілді білетін лингвист болумен бірге ақын ретінде өлең, рисалалар жазатын, ғылыми-философиялық рубайлар шығаратын. Сонымен бірге ол жан-жақты музыкант, саз аспаптарын жасайтын шебер, шебер орындаушы, күйші-композитор ретінде де танылды.



«Музыка туралы үлкен трактат» математика мен физикаға қатысты материалдарға да өте бай. Мәселен, кітаптың көптеген бөлімдерінде дыбыстың физикалық негіздері мен оның таралуы, өлшемі және тағы басқа қасиеттерін қамтиды. Дыбыс интервалдарының орналасуын математикалық қасиеттерімен, арифметикалық, тіпті алгебралық, сызба-геометриялық негіздерге де сүйенеді.

Әл-Фараби сондай-ақ математика, геометрия, астрономия, физика, география, медицина, ғылыми философиялық еңбектерді де көп жазған, Эвклид пен Птолемейдің, Аристотельдің, Платонның және басқа ежелгі ойшылдардың еңбектеріне терең түсініктеме, талдау жасап, «Екінші ұстаз» деген құрметті атты иеленді.

Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз, Шығыстың ұлы ойшылдары Ибн Сина (Авиценна), Бируни, Омар Хаям, Жами әл-Фарабиді өздерінің ұстазы әрі тәлімгерлері санайтыны тегін емес.

Сондай-ақ әл-Фарабидің еңбектері Еуропа ғылымының өркендеуіне де үлкен септігін тигізді. Бэкон, Леонардо да Винчи, Коперник, Кеплер, Лейбниц сынды ғалымдар да әл-Фарабиге көптеп қарыздар. Әл-Фарабидің басты еңбектері: «Музыка туралы үлкен трактат», «Ғылымдардың шығуы туралы трактат», «Даналықтың інжу-маржаны», «Қаланың қайырымды тұрғындарына көзқарас», «Астрология заңындағы дұрыстықтар мен бұрыстықтар», «Птоломейдің «Алмагестіне түсініктеме», «Философияны игерудің қажетті шарттары», «Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарындағы кіріспелердің қиындықтарына түсініктеме» және тағы басқалары.

*М.П.Русаков атындағы №2 санаторлық
мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы
Қордабаева Ләззат*

Дұрыс тамақтану әдебі



Пирамида қоректік заттар рөлі туралы ғылыми білімдерді және ағзаның қажеттіліктерін есепке ала отырып әзірленген. Ол қоғамда қалыптасқан тамақта-нудың дәстүрлерін бейнелейді. Азық-түліктік пирамида – бұл шегіністерге рұқсат бермейтін қатаң емдәм емес, оның міндеті таңдау жасауға көмектесу: жақсы дене бітіміне, психикалық және ақыл-ой жүйесіне толымды қуат беру үшін немен тамақтану қажет.

Әр түрлілік өте маңызды. Пирамидада ұсынылған өнімдер ағзаға баланың денсаулығы және дұрыс дамуы үшін қажетті барлық құрамындағы заттарды жеткізеді. Күнделікті емдәмнің әр түрлі болғаны, баланың әр күн сайын түрлі өнімдерді қолданғаны өте маңызды.

Көкөністер мен денсаулық. Күніне көкөністердің 5 үлесін жеуге кеңес беріледі. Сарғылт және қошқыл жасыл түсті шикі көкөністерді жеуге болады, олар тамаша дәмді және дәрумендер мен минералдардың басты көзі болып табылады. Көкөністердің түсі қарқынды болған сайын, олардың құрамында молырақ қоректік заттар бар.

Жеткіншіктер үшін жақсы ұсыныс – мұздатылған көкөністер. Оларды дайындау оңай, бұл жеткіншектердің өз аспаздық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Кепкен жемістер мен жаңғақ. Олар өте пайдалы, бірақ шектеулі көлемде пайдаланған дұрыс – 100 грамм 500 ккал береді. Бұл өте көп әрине, бірақ сен кептірілген өрікті, мейізді, жержаңғақты күнде жей аласың. Олар тәттілерге қарағанда әлдеқайда пайдалы. Кептірілген жемістер В дәруменіне өте бай; жаңғақта Е дәрумендері мен бағалы минералдар: темір, калий, кальций және магний бар. Олар ағзаға әсерін тигізіп, көңіл-күйді жақсартады. Оларда зат алмасуды реттейтін талшықтар да бар. Тамақтану пирамидасының жалғасын алдағы сандардан оқи аласыңдар.



Ең, ең, ең...

Дүние жүзіндегі “Ең, ең, ең” деген сипаттарға назар аудардыңыздар ма? Әрдайым өзінің бой-пішіндерін көруге дағдыланған адамның, жануардың, түрлі заттар мен жағдайлардың бізге “Осыншалықты болуы мүмкін емес” дейтіндей ерекше болып көрінуі бізді таңғалдырмай қоймасы анық. Әрі таңғалдыратын, әрі жалпы мәдениетті игертетін дүние жүзіндегі «Ең, ең, ең» деген сипаттарға мыналар жатады:



Дүние жүзіндегі ең ұзын өзен

(Ніл өзені – Африка)



Дүние жүзінің ең биік шыңы

(Эверест – Азия–8848 м.)



Дүние жүзіндегі ең үлкен сарқырама

Ангел- Венесуэла-1000 м)



**Дүние жүзіндегі ең үлкен ит
(АҚШ – Геркулес – 1 м/128 кг)**



**«Балқаш қаласы М. П. Русаков атындағы
жалпы білім беретін № 2 санаторлық
мектеп-интернаты» КММ**

**Мекен-жайымыз: 100300, Қарағанды облысы,
Балқаш қаласы, Сатпаев көшесі, 5 үй**

Электронды пошта:

internat_2@mail.ru

Web-сайт:

<http://balkhash.goo.kz/content/view/32/747>

Редакциялық алқа: «Болашақ» өзін-өзі басқару ұйымы:

мектеп президенті Әлімбаева А.

ақпарат министрі: Ануарова П.

білім министрі: Құрманбекова М.

спорт министрі Нұртаев М.

мәдениет министрі Орал Ж.

денсаулық министрі Берікбай А.